

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 30 қазан

БЖЗК-ның Әзірбайжан Халықаралық Банкі облигацияларына жасаған инвестициясы бойынша мәміле оң нәтижемен аяқталды

Әзірбайжан Халықаралық Банкінің облигацияларын қайта құрылымдау 2017 жылы аяқталды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) талай рет хабарлаған. Соған қарамастан бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің пайдаланушыларынан сауалдар түсіп жатыр. Осыған байланысты аталмыш инвестицияға қатысты толыққанды ақпаратты ұсынамыз.

2014 жылдың қазанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі БЖЗК зейнетақы активтерін 250 млн АҚШ доллары көлемінде Әзірбайжан Халықаралық Банкінің (ӘХБ) облигацияларына инвестициялады.

2016 жылдан бастап Ұлттық Банк ӘХБ облигацияларын мерзімінен бұрын (жартылай немесе толығымен) өтеу мүмкіндігіне қатысты белсенді жұмыстар жүргізіп келді. Алайда қаржылық мүмкіндігі жоқ болғандықтан ӘХБ тарапынан облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу немесе өтеуін төлеп алу шарасы жүргізілмеді. Оның үстіне Ұлттық Банкте облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету бойынша заңдық негіздеме болған жоқ.

Кейін ӘХБ-ның өз міндеттемелерін ерікті түрде қайта құрылымдауға дайындалып жатқаны белгілі болды. Бұл туралы 2017 жылдың 11 мамырында жария етілді.

Көп ұзамай ӘХБ 2017 жылдың 23 мамырында Лондон қаласында шетелдік кредиторлармен кездесу өткізді. Мұнда Әзірбайжан Халықаралық Банкі аға борыш (басым құқықты борыш), реттелген борыш және сауданы қаржыландыру түріндегі борыштар бойынша қайта құрылымдаудың бірқатар нұсқаларын ұсынды.

Басым құқыққа ие аға борышты қайта құрылымдау бойынша 3 опция ұсынылды. Айта кетелік, БЖЗК инвестициясы осы борышқа жатады.

Бірінші опция. Әзірбайжан Халықаралық Банкінің БЖЗК алдындағы 250 млн АҚШ доллары болатын ағымдағы міндеттемесін Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 200 млн АҚШ доллары болатын борышқа алмастыру. Өтеу мерзімі 12 жыл (2029 жылға дейін) және купондық сыйақы мөлшерлемесі жылына – 5,125 пайыз.

Екінші опция. Әзірбайжан Халықаралық Банкінің БЖЗК алдындағы 250 млн АҚШ доллары болатын ағымдағы міндеттемесін Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 250 млн АҚШ доллары болатын борышқа алмастыру. Өтеу мерзімі 15 жыл (2032 жылға дейін) және купондық сыйақы мөлшерлемесі жылына – 3,5 пайыз.

Үшінші опция. Әзірбайжан Халықаралық Банкінің БЖЗК алдындағы 250 млн АҚШ доллары болатын ағымдағы міндеттемелерін осы банктің 250 млн АҚШ доллары болатын жаңа шығарылымдағы облигацияларына алмастыру. Өтеу мерзімі 7 жыл (2024 жылға дейін) және купондық сыйақы мөлшерлемесі жылына – 3,5 пайыз.

Кредиторлардың 2017 жылы 18 шілдеде өткізген жалпы отырысында ӘХБ сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдау жоспары мақұлданды. Оған кредиторлардың 93,9 пайызы дауыс берді. Осы дауыс беру нәтижесіне сәйкес аға борыштың міндеттемелері бойынша кредиторлардың 1,7 пайызы – бірінші опцияны, 50,2 пайызы – екінші опцияны және 48,1 пайызы – үшінші опцияны таңдады.

Ұсынылған қайта құрылымдау нұсқалары ішінен опцияны таңдау шарасын ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банк бірлесе отырып жүзеге асырды. Таңдап алынған опция тәуекел тұрғысынан алып қарағанда ең оңтайлы нұсқа болды. Өйткені ол бойынша ӘХБ міндеттемелерін атаулы құнын жоғалтпастан, Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің тәуелсіз борышына алмастыру мүмкіндігі

«БЖЗК» АҚ-ның баспасөз орталығы

туындады. Оның үстіне үкіметтің тәуелсіз борышының ӘХБ-ға қатысты кредиттік мәртебесі едәуір жоғары болды.

Шетелдік кредиторлардың көпшілігі осы қайта құрылымдау опциясын таңдады. Бұл кредиторлардың міндеттемелері аға борышқа жататындығын айта кеткен жөн.

Әзірбайжан Халықаралық Банкінің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдау үдерісі 2017 жылдың 1 қыркүйегінде аяқталды.

Қайта құрылымдау қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің портфеліне Әзірбайжан Республикасының атаулы құны 258,3 млн АҚШ доллары болатын мемлекеттік бағалы қағаздары алынды. Бұл сомаға 09.04.2017 жылдан 31.08.2017 жылға дейінгі кезеңде төленбеген купондық сыйақы үшін есептелген өтемақы ретінде 8,3 млн АҚШ доллары қосылды.

Ұлттық Банк қолайлы нарық жағдаятын ескере отырып, 2019 жылдың ақпан-сәуір айлары аралығында Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағалы қағаздарының бүкіл көлемін сатуды жүзеге асырды.

Қорыта келгенде инвестициялау нәтижесі былай болды: ӘХБ облигацияларын сатып алу сомасы 249,95 млн АҚШ долларын (немесе 45,4 млрд теңгені) құрады. Ал Әзірбайжан Үкіметінің облигацияларын сатудан және купондық сыйақыдан түскен қорытынды сома – 292,38 млн АҚШ долларына (немесе 105,77 млрд теңгеге) тең болды.

Әзірбайжан Халықаралық Банкінің облигацияларын сатып алған сәттен бастап, Әзірбайжан Мемлекеттік бағалы қағаздарын сатқан күнге дейінгі инвестициялау табыстылығы (IRR) барлық алынған сыйақыларды ескере отырып, АҚШ долларында жылына – 4,1 пайызды, теңгеде – 24,2 пайызды көрсетті.

БЖЗК-ның осы инвестиция бойынша алған инвестициялық табысы – 42,43 млн АҚШ долларын, ал теңгеде – 60,37 млрд теңгені құрады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

